

"Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 қаңтарда № 18200 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12744 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы";

көрсетілген бірлескен бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынатын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 2-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес 8-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес 9-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақша және орысша тілдерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу

үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін ;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө. Шөкеев	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Т. Сүлейменов
---	---

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2019 жылғы
11 қаңтардағы № 7
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 11 қаңтардағы
№ 5 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 15-05/1135 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына және тексеру парақтарына сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде субъектілерді іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

болмашы бұзушылық - Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану және сақтау кезіндегі жұмыстардың құжаттамалық есебінің (мөртабанмен бекемделген және басшының қолы қойылған, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының) болмауы түріндегі бұзу;

елеулі бұзушылық - Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану және сақтау, пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болмауы, сондай-ақ қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісіне әкімшілік жауапкершілікке тартпай, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша нұсқама берілген шағымның болуы түріндегі бұзу;

тәуекел - зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуы, адамдардың және жануарлардың жаппай улануы, ауыл шаруашылығы егістіктеріне пестицидтермен (улы химикаттармен) химиялық өңдеу жүргізу кезінде егістіктердің жойылуы, пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау немесе қолдану кезінде апаттың нәтижесінде топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануы, пестицидтерді (

улы химикаттарды) залалсыздандыру шарттарының бұзылуы кезінде жануарлар әлемі объектілері санының азаюы және олардың өмір сүру ортасының нашарлауы түрінде келтірілген адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру ықтималдығы;

тәуекелді бағалау жүйесі - өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) - өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) - қолайлы фитосанитариялық жағдайды қамтамасыз ету үшін зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына жол бермеу мақсатында фитосанитариялық мониторингті және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу бойынша, пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау және аэрозольдік, фумигациялық, авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану, пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру, фитосанитариялық есептілікті ұсыну, сол сияқты уақытылы ұсыну бойынша бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

тексеру парағы - өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі;

өрескел бұзушылық - Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін, зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, фитосанитариялық есептілікті өсімдіктерді қорғау саласындағы нысандар және мерзімдер бойынша ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау, зиянды организмдердің саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары болатындай олардың дамуы мен таралуына әкеп соққан

фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, пестицидтерді (улы химикаттарды) зарарсыздандырудың жүргізілмеуі, пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) болмауы, пестицидтерді (улы химикаттарды) берушілер (өндірушілер, импорттаушылар, сатушылар) әзірлеген және ұсынатын, жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру әдістері мен технологияларының болмауы, қауіптілігі бірінші сыныпты, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды) саңылаусыздықты қамтамасыз етпейтін және қоршаған ортаның пестицидтермен (улы химикаттармен) ластану мүмкіндігін жоққа шығармайтын ыдыстарда сақтау, қауіптілігі екінші сыныпты пестицидтерді (улы химикаттарды) қажет болған кезде полимер материалдардан жасалған арнайы қалташалары жоқ көп қабатты ыдысқа (пестицидтің (улы химикаттың) ерекшелігіне қарай) буып-түю, бүтіндігі бұзылған қаптамадағы пестицидтерді (улы химикаттарды) қайта буып-түю, пестицидтердің (улы химикаттардың) қағаз немесе ағаш ыдыстарын жағып жіберу жолымен жою үшін экологиялық бақылау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы жөніндегі мемлекеттік органдар заңнамаға сәйкес айқындаған орындарда жағылатын қоспалардың уытты емес (қауіпті емес) заттарға айналғанға дейін ыдырауын қамтамасыз ететін жоғары температуралық қондырғылардың болмауы, тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын тиеуге, тасымалдауға және түсіруге арналған механикаландыру құралдарының болмауы, арнайы сақтау қоймаларын (көмінділерді) салу бойынша шаралар қабылдамау түріндегі бұзу.

3. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізуге арналған өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

5. Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын пестицидтер қоршаған табиғи ортаға, адам өмірі мен денсаулығына және жануарларға қатер төндіретін әлеуетті қауіпті химиялық заттар болып табылады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға сәйкес бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлдіктік мүдделеріне ең көп зиян келтіру ықтималдығы, оның ықтимал кері салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, қызметі пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға, сақтауға және залалсыздандыруға байланысты бақылау субъектісі тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

6. Өсімдіктерді қорғау саласындағы ең көп әлеуетті қоғамдық тәуекелдерді ескере отырып, мынадай бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын келесі бақылау субъектісі (объектісі) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылады:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

фитосанитариялық есептілікті ұсынатын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері ;

тыйым салынған және жарамсыз болған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілері.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорлар қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау.

8. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы, оның ішінде бақылау субъектісінің аумағында зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде анықталуы, " Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген тәртіппен бекітілетін Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген Пестицидтердің (ұлы химикаттардың) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) өткізу, әкелу, сақтау және қолдану фактілерінің болуы;

4) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың расталған шағымдары мен арыздарының болуы;

5) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар));

6) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері;

7) мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

9. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады.

Бұл ретте тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

10. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың бірлі-жарымды немесе жүйелілігіне, осы Өлшемшарттардың 8-тармағында көрсетілген әрбір ақпарат көздері бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Субъективті өлшемшарттар тексеру парақтарында аталған өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың (бұдан әрі - талаптар) негізінде әзірленген, олар үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы және осы Өлшемшарттаға қосымшаларда келтірілген.

Өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылуын өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге бөлу мынада келтірілді:

1) осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

2) осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынатын бақылау субъектілері үшін;

3) осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

4) осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

5) осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

6) осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес тыйым салынған және жармсыз болған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

7) осы Өлшемшарттарға 7-қосымшаға сәйкес арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

8) осы Өлшемшарттарға 8-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін.

11. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұнда:

SP_3 - елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 - елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

SP_2 - анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұнда:

SP_H - болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 - болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;

SP_2 - анықталған болмашы бұзушылықтар саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұнда:

SP - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 - елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H - болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі:

1) 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатқызылмағанға жатады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен жиі емес.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен, тәуекел дәрежесіне жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері

бойынша жарты жылға қалыптастырылатын, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің жарты жылдық тізімінің негізінде жүргізіледі.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жоғары көрсеткішімен бақылау субъектісінің басымдылығын ескере отырып, жасалады.

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Бақылау объектілерінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ету орны болып табылатын экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің болуы	өрескел
2	Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуын болдырмау мақсатында бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторинг жүргізу.	өрескел
3	Бақылау объектілерінде фитосанитариялық іс-шараларды, атап айтқанда зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуына жол бермеу мақсатында химиялық өңдеуді жүргізу.	өрескел
Бақылау субъектісінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
1	Бақылау субъектісінің аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел

2	Бақылау субъектісінің аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (улы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің аумағында химиялық өңдеу жүргізу кезінде анықталған, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (улы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
4	Бақылау субъектісінің аумағында экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде зиянды және аса қауіпті организмдердің анықталуы мен таралуының расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
1	Зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына жол берілген, фитосанитариялық мониторингтің және (немесе) фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілмеуі туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	өрескел
Бақылау объектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	өрескел
Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілері туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған расталған мәліметтердің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
1.	Бақылау субъектісінің зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуына әкелетін фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеуі анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
2.	Бақылау субъектісінің тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтердің (улы химикаттардың) қолданылуы анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласында заңнамамен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынуды, сол сияқты уақытылы ұсынуды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Пестицидтерді (улы химикаттарды), биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-1), атап айтқанда, пестицидтерді (улы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті жылына екі рет, бір рет 20 шілдеге дейін және бір рет 20 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-2), атап айтқанда, пестицидтердің (улы химикаттардың), биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, бір рет 20 шілдеге дейін және бір рет 20 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-3), атап айтқанда, пестицидтерді (улы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есепті жыл сайын, 20 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
4	Қолында бүріккіш және дәрілегіш техника мен жабдық (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозольдік генераторлар, атомайзерлік, штангалық, вентиляторлық бүріккіштер, бүріккіш және дәрілегіш техниканың өзге түрлері) бар бақылау субъектілерінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-4), атап айтқанда, бүріккіш және дәрілегіш техниканың бары туралы есепті жыл сайын, 20 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
5	Меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-5), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, әр айдың 20-сына дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
6	Химиялық өңдеулер жөніндегі қызметті көрсететін бақылау субъектілерінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-6), атап айтқанда, химиялық өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету туралы есепті ай сайын, әр айдың 20-сына дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
7	Тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарасыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-7), атап айтқанда, тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарасыздандыру туралы есепті жыл сайын, 20 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
8	Пестицидтерді (улы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФУ-8), атап айтқанда, қоймалық үй-жайлардың бары туралы есепті жыл сайын, 20 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақытылы ұсынуы	өрескел
Бақылау субъектісінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		

1	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағында химиялық өңдеу жүргізу кезінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
4	Ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына әкелетін бақылау субъектісінің аумақтарында зиянды және аса қауіпті организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
1	Өсімдіктерді қорғау саласында заңнамамен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	өрескел
Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері		
1	Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау бойынша бақылау субъектісі жіберген бұзушылықтар туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісі фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің аумақтарында зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуына әкелетін, фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды бақылау субъектісінің жүргізбеуі анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтерді (ұлы химикаттарды) бақылау субъектісінің аумақтарында қолданудың анықталған фактілері туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түріне лицензияның болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануы	өрескел
3	Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізімінде көрсетілген регламенттер мен технологияларға (шығыс нормасына, тәсіліне және өңдеу жиілігіне, шектеулерге) сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану	өрескел
4	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану үшін арнайы техниканың болуы	өрескел
5	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі арнайы техника үшін пайдаланылатын көлік құралының болуы	өрескел
6	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы	өрескел
7	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы	өрескел
8	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
9	Тіркелушінің (өндірушінің) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидті (улы химикатты) қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы	өрескел
10	Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы	елеулі
11	Мөртабанмен және басшының қолымен бекемделген, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының болуы	болмашы
Бақылау субъектісінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
1	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен химиялық өңдеу жүргізу кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына	өрескел

	әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	
3	Бақылау субъектісінің аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен химиялық өңдеу жүргізу кезінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
1	Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзған жағдайда осы шағым мен арызды қарастыру бойынша бақылау субъектісін өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор әкімшілік жауапкершілікке тартқан пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөнінде расталған шағымдардың және (немесе) арыздардың болуы, расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	өрескел
2	Осы шағым мен арызды қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісінің қызметін сот шешімінсіз, айрықша жағдайларда үш күннен аспайтын мерзімге, аталған мерзімде сотқа міндетті түрде талап арызды бере отырып, тоқтатқан немесе тыйым салған пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөнінде расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	өрескел
3	Осы шағым мен арызды қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспектор бақылау субъектісіне әкімшілік жауапкершілікке тартпай, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша нұсқама беретін пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөнінде расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	елеулі
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	өрескел
Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері		
1	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына және (немесе) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін, бақылау субъектісі жіберген бұзушылық фактілері туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
2	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына және (немесе) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін бақылау субъектісі жіберген бұзушылық фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	Адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына және (немесе) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануда анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумақтарында тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтердің (ұлы химикаттардың) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолданылуы анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
---	--	---------

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
4-қосымша

Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) тізіміне енгізілген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдануы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) тізімінде көрсетілген регламенттер мен технологияларға (шығыс нормасына, тәсіліне және өңдеу жиілігіне, шектеулерге) сәйкес пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдануы	өрескел
3	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қолдану үшін арнайы техниканың болуы	өрескел
4	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі арнайы техникаларды пайдалану үшін көлік құралының болуы болуы	өрескел
5	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы	өрескел
6	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы	өрескел
7	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің (ұлы химикаттың) қауіпсіздік паспортының болуы	өрескел
8	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің (ұлы химикаттың) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы	өрескел
9	Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы	елеулі

10	Мортабанмен және басшының қолымен бекемделген, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (ұлы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының болуы	болмашы
Бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
1	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен химиялық өңдеу жүргізу кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен химиялық өңдеу жүргізу кезінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (ұлы химикаттарды) қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
1	Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзған жағдайда осы шағым мен арызды қарастыру бойынша бақылау субъектісін өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор әкімшілік жауапкершілікке тартқан пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөнінде расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	өрескел
2	Осы шағым мен арызды қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісінің қызметін сот шешімінсіз, айрықша жағдайларда үш күннен аспайтын мерзімге, аталған мерзімде міндетті түрде сотқа талап арызды бере отырып, тоқтатқан немесе тыйым салған пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөнінде расталған шағым және (немесе) арыздың болуы	өрескел
3	Осы шағым мен арызды қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспектор бақылау субъектісіне әкімшілік жауапкершілікке тартпай, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша нұсқама беретін пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөнінде расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	елеулі
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	өрескел
Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері		
1	Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына және (немесе) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін бақылау субъектісі жіберген бұзушылық фактілері туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
2	Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына және (немесе) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін, бақылау субъектісі жіберген бұзушылық фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	Адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына және (немесе) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін, пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдануда анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумақтарында тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолданылуы анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
5-қосымша

Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
